

Қазақстан Республикасының Үкіметі Мен "Испат-Қармет" ашық акционерлік қоғамы арасындағы Қазақстан Республикасындағы "Испат-Қармет" ашық акционерлік қоғамының инвестициялық қызметіне байланысты мәселелер бойынша қосымша келісімдер жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 257 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Осы қаулыға қоса беріліп отырған мынадай қосымша келісімдердің жобалары
м а қ ұ л д а н с ы н :

1) Қазақстан Республикасы мен "Испат-Қармет" ААҚ және басқа да тараптардың арасындағы 1995 жылғы 17 қарашадағы Қарағанды металлургия комбинатын сатып алу - сату шартына ;

2) "Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын инвесторды мемлекеттік қолдау және оған ынталандыру шараларын беру туралы" 2001 жылғы 26 қаңтардағы келісім-шартқа.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ. Мәсімовке Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасы мен "Испат-Қармет" ААҚ және басқа да тараптардың арасындағы 1995 жылғы 17 қарашадағы Қарағанды металлургия комбинатын сатып алу-сату шартына және "Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын инвесторды мемлекеттік қолдау және оған ынталандыру шараларын беру туралы" 2001 жылғы 26 қаңтардағы қосымша келісімдерге қол қоюға ө к і л е т т і к б е р і л с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**"Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын инвесторды мемлекеттік қолдау және ынталандыру шараларын ұсыну туралы" 2001 жылғы 26 желтоқсандағы келісім-шартқа
ҚОСЫМША КЕЛІСІМ**

Астана қ. 2003 жылғы 17 наурыз

Осы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі агенттігі мен "Испат-Қармет" ашық акционерлік қоғамы арасында жасалған "

Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын инвесторды мемлекеттік қолдау және ынталандыру шараларын ұсыну туралы" 2001 жылғы 26 желтоқсандағы N 0322-12-2001 келісім-шартқа (бұдан әрі - Келісім-шарт) Қосымша келісім: бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Испат-Қармет" ашық акционерлік қоғамы арасындағы "Испат-Қармет" ашық акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызметіне байланысты мәселелер бойынша қосымша келісім-шарттар жасасу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 17 наурыздағы N 257 қаулысына сәйкес әрекет ететін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Кәрім Қажымқанұлы Мәсімов және

2) "Испат-Қармет" ашық акционерлік қоғамының атынан Жарғы негізінде әрекет ететін бас директоры Н.К.Чоудхари арасында жасалды.
Тараптар мыналар жөнінде келісті:

1. Келісім-шарттың 9-тармағында айтылған шарттарды ескере отырып, Келісім-шарт күшіне енетін жылдың алдындағы үш жылда (1999, 2000, 2001) ең жоғары салық салынатын табыс 2000 жылы алынғаны белгіленді. "Испат-Қармет" ашық акционерлік қоғамының 2000 жылға арналған корпоративтік табыс салығы бойынша берген, салық органы растаған декларациясына сәйкес салық салынатын табыс сомасы 13 670 000 000 (он үш миллиард алты жүз жетпіс миллион) теңгені құрады.

2. Осыған байланысты "Испат-Қармет" ашық акционерлік қоғамының салық салынатын табысының өсімін 2005 жылдан бастап алу болжанып отыр, инвестор 2005-2009 жылдар кезеңінде жыл сайын 4 100 000 000 (төрт миллиард бір жүз миллион) теңге мөлшерінде корпоративтік табыс салығын төлейді.

Осы Қосымша келісім "Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын инвесторды мемлекеттік қолдау және ынталандыру шараларын ұсыну туралы" 2001 жылғы 26 желтоқсандағы N 0322-12-2001 келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының "Испат-Қармет" ашық
Үкіметі атынан: акционерлік қоғамынан:

Қазақстан Республикасы Бас директор
Премьер-Министрінің
орынбасары

**Қазақстан Республикасы мен "Испат-Қармет" ААҚ және
басқа тараптардың арасындағы Қарағанды металлургия**

комбинатын сатып алу-сату туралы 1995 жылғы

17 қарашадағы шартқа

ҚОСЫМША КЕЛІСІМ

Астана қ.

2003 жылғы 17 наурыз

Тараптар мыналар туралы келісті:

Салық-салу жөніндегі мәселелерді, сондай-ақ нарық бағасының деңгейіне сәйкес тіркелген активтерді қайта бағалауды жүргізуге арналған құқықты қоса алғанда, Сатып алу-сату шартына сәйкес "ең көп қолайлыландыру режимі" "Испат-Қармет" ААҚ-қа (бұдан әрі - Инвестор) расталсын.

Қайта бағалауды жүргізудің Инвесторға қажетті екенін және Инвестордың жоспарланған инвестициялық бағдарламаны іске асыруы корпорациялық табыс салығының түсім көлемін едәуір төмендетуге әкеп соғатынын ескере отырып, тараптар у а ғ д а л а с т ы :

Үкімет пен Инвестор оның қаржылық нәтижесіне қарамастан, 2002 жылы 2 300 000 000 (екі миллиард үш жүз миллион) теңге мөлшерде, 2003-2004 жылдары жыл сайын 2 500 000 000 (екі миллиард бес жүз миллион) теңге мөлшерде корпорациялық табыс салығын төлеу жөніндегі Инвестордың алдын ала келісілген міндеттемелерін тіркейді.

Үкімет пен Инвестор 2005-2009 жылдар кезеңіне 13 670 000 000 (он үш миллиард алты жүз жетпіс миллион) теңге мөлшеріндегі Инвестордың алдын-ала келісілген жыл сайынғы салық салынатын табыс мөлшерін және тиісінше 4 100 000 000 (төрт миллиард бір жүз миллион) теңге мөлшерінде корпорациялық табыс салығын төлеу жөніндегі жыл сайынғы міндеттемелерін тіркейді. Салық салынатын табыстың жоғарыда көрсетілген сомасынан асып түсетін табыс инвестициялық Келісім-шартқа сәйкес корпорациялық табыс салығын салудан босатылады.

2005-2009 жылдар кезеңінде Инвестор салық заңнамасына сәйкес қайта бағаланған тіркелген активтердің құнын ескере отырып есептелген амортизациялық аударымдардың ең жоғарғы нормасын қолдануы және өткен кезеңдерде алынған шығындарды көтеруі мүмкін.

Осы уағдаластықтыққа қол жеткізу үшін осы Қосымша келісім Қазақстан Республикасы мен "Испат Қармет" ААҚ және басқа тараптар арасындағы Қарағанды металлургия комбинатын сатып алу-сату туралы 1995 жылғы 17 қарашадағы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАНДАРҒА АЙҒАҚ РЕТІНДЕ:

Қазақстан Республикасы

"Испат-Қармет" ААҚ үшін:

Үкіметінің атынан:

Қазақстан Республикасы

Бас директор

Премьер-Министрінің

орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК